

Карантинді тоқтату және Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 6062 "Карантин белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26529 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 5-2/470 ұсынысы негізінде, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласы "Алматы" ауданы "Пригородный-1" тұрғын үй алабының аумағында, үй құстарының арасында Ньюкасл ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. "Карантин белгілеу туралы" Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 6062 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25084 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе қаласы ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

А. Шахаров